

Философиядан халықаралық олимпиадасы (IPO) туралы ереже

1. Мақсаттар

Философиядан халықаралық олимпиадасының (IPO) мақсаттары:

- орта мектеп деңгейінде философия пәні бойынша білім беруді ілгерілету және жоғары сынып оқушыларының философияға деген қызығушылығын арттыру;
- бүкіл дүние жүзінде университетке дейінгі оқу орындарының білім алушылары арасында философия пәні бойынша ұлттық, өңірлік және жергілікті олимпиадаларды дамыту;
- білім алушылардың сыни, білімқұмарлық және шығармашылық ойлауын дамыту;
- ғылым, өнер және қоғамдық өмір туралы философиялық ойлауды дамыту;
- қазіргі әлемнің проблемаларын этикалық түсіну қабілетін дамыту.

2. IPO-ны ұйымдастыру тәртібі

IPO жыл сайын мамыр айында қатысушы елдердің бірінде өткізіледі. IPO-қа қатысу талаптарының бірі – өз елде философияны зерттеуді алға жылжыту және философия пәні бойынша ұлттық байқау ұйымдастыру.

IPO олимпиаданы өткізу кезінде орта мектепке қабылданған білім алушылары үшін немесе оқу жылы өткен жылдың желтоқсанында немесе сол жылдың мамырынан ерте аяқталатын елдердің білім алушылары үшін, олар IPO өткізу кезінде университетке қабылданса да ашық.

Қатысушылардың жасы-20 жасқа дейін болу қажет.

Ұйымдастырушы елдің Ұлттық ұйымдастыру комитеті IPO-ның жетекші тақырыбын бекіту туралы шешім қабылдауға құқылы. Алайда, осы тақырып қатысушыларға ұсынылатын дәрістер мен семинарлар үшін ғана қолданылады және IPO тақырыптарын бекітуге әсері болмауы керек. IPO тақырыптары әртүрлі философиялық пәндерді қамту керек.

IPO-ға әрбір елден бір немесе екі қатысушы қатыса алады, ал қабылдаушы ел 10 қатысушыға дейін жібере алады.

IPO-ға қатысушыларды іріктеу ұлттық деңгейде өткізілетін жарыстардың қорытындылары бойынша жүргізіледі, бірақ ерекше жағдайларда Басқарушы кеңестің мақұлдауымен басқа да әдістер қолданылуы мүмкін. Ұлттық жарыстарды FISP мүшесі болып табылатын Ұлттық философиялық қоғам немесе FISP қамқорлығымен ұйымдастыру керек. Егер елде Ұлттық қоғам болмаса немесе ол бар болып, бірақ ұлттық олимпиадалар ұйымдастырылмаса, басқа рәсімдер қолданылуы мүмкін, бірақ барлық жағдайларда бұл рәсімдер IPO Басқарушы кеңесінің бекітуіне жатады.

3. IPO-ны өткізу тәртібі

а) Делегацияның әрбір жетекшісі IPO өткізілетін жылғы 1 наурызға дейінгі мерзімде FISP Бас хатшысына бір тақырып ұсынуға тиіс. Осы ұсыныс

(бес жолдан артық емес) IPO тілдерінің бірінде болуға және дұрыс жауапқа сілтемені қамтуға тиіс. Барлық ұсыныстар FISP Басқарушы кеңесінің барлық мүшелеріне жеткізіледі, олар жіберілген және/немесе басқа тақырыптардан төрт тақырып таңдайды. IPO үшін бекітілген тақырыптар төрт тілде жарияланады.

FISP Басқарушы кеңесінің мүшелеріне академиялық ережелерге сәйкес дұрыс жауаптарға барлық сілтемелер беріледі. Ұсыныстар академиялық стандарттарға сәйкес ең жақсы қолжетімді аудармада және библиографиялық мәліметтермен ұсынылады.

b) Эссе жазу

Әр қатысушы ұсынылған төрт тақырыптың біріне эссе жазады. Эссе: ағылшын, неміс, француз, испан тілдерінің бірінде жазылуы керек.

Эссе жазу кезінде қатысушыларға қолдануға рұқсат етілетін жалғыз оқу құралы – бұл ана тілі мен IPO-ның ресми тілдерінің (ағылшын/неміс/француз/ испан) бірін қамтитын екітілді немесес IPO-ның ресми тілдерінің бірінде бір тілді сөздік. Сөздіктер электронды форматта емес, қағаз нұсқада болу керек.

Эссе жазу уақыты 4 сағат. Барлық эссе авторларының есімдері кодталған және сарапшыларға соңғы рейтинг орнатылғанға дейін белгісіз.

c) Эссе бағалау

Бағалау өлшемшарттары: тақырыптың өзектілігі, тақырыпты философиялық тұрғыдан түсіну, дәлелдеудің сенімді күші, дәйектілік және өзіндік ерекшелік.

Әр сарапшы өз бағаларын 1-ден 10 дейін, 7 және одан жоғары баллға дейін 0,5 балл аралықтарын қолдана отырып қояды.

- 7,5 – 10 балл: мен эссе авторын келесі кезеңге жіберемін.
- 6 – 7 балл: мен эссе авторын келесі кезеңге жібермеймін, бірақ қазылар алқасының басқа мүшесі оны өткізіп жатса, мен келісемін.
- 1 – 5 балл: мен осы эссенің авторын келесі кезеңге жібермеймін.

Бірінші кезеңде әр эссені төрт сарапшы бағалайды. Егер жеке бағалар арасындағы айырмашылық 3 балдан артық болса, бесінші сарапшы тағайындалады. Бірінші кезеңнің соңында кемінде 7 балл алған барлық эссе авторлары екінші кезеңге өтеді.

Екінші кезеңге жіберілген әрбір эссені екі қосымша сарапшы бағалайды.

Эссенің орташа бағасы: бірінші кезеңдегі сарапшылардың бірінші бағасы және екінші кезеңдегі екі қосымша сарапшының екінші бағасы – барлық алынған бағалар негізінде есептеледі. Үшінші кезеңге жіберілетін эссе санын екінші кезеңнің соңында IPO қазылар алқасы анықтайды.

Үшінші кезеңде Басқарушы кеңес жүлделерді бөлу туралы шешім қабылдайды.

4. Марапаттау

ІРО жеңімпаздары алтын, күміс және қола медальдарымен, сондай-ақ құрмет белгісімен марапатталады. Ұйымдастыру комитеті әрбір санатқа бір медальдан артық марапат беруге құқылы.

5. Басқа ережелер

Ағылшын тілі – ІРО-ның жұмыс тілі болып табылады. Барлық қатысушылар ағылшын тілін білуі керек.

Алаяқтықтың барлық түрлері, қудалау, есірткі мен алкогольді тұтыну, сондай-ақ оқытушылар мен студенттер тарапынан басқа да бұзушылықтар Әдеп жөніндегі комитеттің келісімімен Халықаралық комитеттің ІРО-дан шеттетуі немесе шығарып тастауы түрінде жазаға әкеп соғады.

Философия пәні бойынша халықаралық олимпиада өткізілетін күнді Ұлттық ұйымдастыру комитетінің президенті жариялайды және жыл сайын барлық қатысушы елдердің назарына 1 қазанға дейін жеткізеді. Ол сонымен қатар 1-желтоқсанға дейін келесі Олимпиадаға қатысуға ниет білдіргендерге шақыру хатын жібереді.

Қабылдаушы ел әрбір елден кемінде екі қатысушы мен бір өкілдің (делегация мүшесінің), сондай-ақ Басшылық кеңес пен Халықаралық комитет мүшелерінің тұруына (тамақтануына) арналған шығындарды өтеуге міндеттенеді.

Ұлттық ұйымдастыру комитеті ІРО жеңімпаздарын марапаттауға арналған жүлделердің құны туралы шешім қабылдайды.

ІРО ашу мен жабу салтанатты рәсімдеріне қоғамдық тұлғалар және қонақтар шақырылады; ІРО-ның басқа да іс-шараларына қонақтарды жіберуді Халықаралық комитет мақұлдауға тиіс.

ІРО Халықаралық комитетінің хатшылығы Болгария, София университетінің философия кафедрасында орналасқан.

Оған:

- ІРО-да қолданылатын тақырыптар тізімдерін;
- қатысушылар жазған эсселерді;
- ІРО хаттамаларын;
- ІРО үшін интернет-ресурстарды (www.philosophy-olympiad.org);
- басқа да тиісті материалдарды, мұрағаттық құжаттарды дайындау және жүргізу міндеті жүктелген.